



Атырау облысы
Қызылқоға ауданы
Қарабау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің
мұғалімі:

Туралиева Гаухар Далабайқызы
Қазақ әдебиеті. 11-сынып.
М. Мақатаев.

Қазақ поэзиясының Хантәңірі.
«Қайран, Қарасазым-ай»,
«Махаббат диалогі»

Сілтеме	Оқу бағдарламасы, Жалпы білім беретін мектептің 11 а сыныбына арналған қазақ әдебиеті оқулығы. (жар-мат) Алматы «Мектеп» 2011. Әдістемелік нұсқаулық. Хрестоматия. МАН. III негізгі деңгей.
Мақсаты	Поэзияда өзіндік із қалдырған ақиық ақын М. Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық еңбегімен таныстыра отырып, шығармаларының тақырыптарына шолу; оқушылардың өлеңге деген ынтасын арттыру, мәнерлеп оқу шеберлігін, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, өз ұлтын, елін, жерін, отбасын сүйуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	М. Мақатаевтың өмір жолы мен шығармаларының тақырыбы мен мазмұнын біледі. Өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін талдайды. АКТ-ге күзiреттiлiгi артады.
Негізгі идеялар	Оқушы өзі ойланып, өзі орындауға жағдай жасау. Оқушының өмірдегі біліміне, білетініне сүйену; жаңа теориялық ақпаратты беру арқылы жаңаша ойлау дағдысын, амалдарын қарастыруға ықпал жасау.
Оқыту әдістері	Топтық, жұптық оқыту, көшбасшылық, өзін-өзі бағалау.
Сабақтың түрі	Жаңа ұғым қалыптастыру сабағы
Тапсырмалар	Сұрақ-жауап, өлең құрылысына талдау, ассоциация құру, өлеңді жатқа айту, рөлге ену, өлең ұйқасын табу, ән орындау, сөзжұмбақ шешу.
Керекті жабдықтар	Оқулық, интерактивті тақта

Үй тапсырмасын қорытындылау.

«Ой қозғау» стратегиясы.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер

Түрткі болу сұрақтары

- 1. М. Әуезов «Әбділда Тәжібаев» атты мақаласында жас дарынға қандай баға берді?***
- 2. Ақынның халықтық поэзия дәстүріндегі поэмаларын атаңдар.***
- 3. Ә. Тәжібаев тұңғыш пьесасын кіммен бірігіп жазған?***
- 4. Өнер адамын арқау еткен драмалық туындысы қалай аталады?***
- 5. Басқа ақын-жазушылардан ерекшелігі қандай?***
- 6. Өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ақынның қай өлеңінен байқауға болады?***

Сырдария өлеңін жатқа айту.

(Әр топтан 1 оқушыдан)

**Жаңа сабаққа байланысты әр топ
топтың атауын дайындау және қорғау.**

(сыныптағы диалог)

1-топ. «Менің Мұқағалиым»

2-топ. «Поэзияның асқар шыңы»

3-топ. «Мұқағали – қайта туған ақын»

«МАҒЫНАНЫ ТАҢУ» СТРАТЕГИЯСЫ

1976ж 27 наурызда дүниеден өтеді.

*1985ж үздік әдеби шығарма
авторларына*

*М. Мақатаев атындағы
сыйлық беріледі.*

*1999ж «Аманат» атты кітабы
Мемлекеттік
сыйлыққа ие болады.*

*Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты.*

*«Қарлығашым келдің бе?»,
«Дарига жүрек»,
«Аққулар ұйықтағанда»,
Шуағым менің»,*

*Жырлайды жүрек» жыр жинағы,
Біршама өлеңдеріне ән жазылған.*

*1931 ж 9 ақпанда
Алматы обл Райымбек ауд
Қарасаз аулында
дүниеге келген.*



*Туылған кездегі
есімі -Мұқаметқали.
3 інісі болған.*

*Анасы Нағиман балаларын
жалғыз өсірген.*

*Қазақтың лирик,
сыршыл,
ақиық ақыны.*

*Өлеңдерін 10-11 жас
шамасында жаза бастаған.
Сол кездегі аудандық
газетте басылады.*

*1948ж ауылдық кеңестің
хатшысы, комсомол қызметкері,
мектепте мұғалім,
газет редакциясында
қызмет атқарады.*

Қызығушылықты ояту. АКТ

«Қайран, Қарасазым-ай» әнін тыңдату.

Өлең құрылысына талдау

/Тамаша еді// жазғы орман:/а 9

/Құстар сайрап,// мәз болған./а 7

/Көлшіктерде,// суларда,/б 7

/Үйрек ұшып,// қаз қонған./а 7

6 шумақ, 24 тармақ, 2 бунақты,

7 буынды, қара өлең ұйқасы



*Мұқағалидың өз даусындағы өлеңдерін
тыңдау.*



*«Ой шақыру» стратегиясы.
Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.*

1-топ. Мұқағали кім?
(Ассоциация құру)

2-топ. «Егер мен ақын болсам...!»
(Эссе жазу)

3-топ. Поэзия туралы ассоциация құру.



**6. «Поэзия – жүрек тілі»
Білетін өлеңдерін жатқа айту.**



Ұлы - Жұлдыз



Келіні- Бақтыгүл

Тақырыптарға сәйкес рөлге ену.

Талантты және дарынды балаларды оқыту

1-топ. «Менің анкетам»

2-топ. «Махаббат диалогі»

3-топ. «Аққулар ұйықтағанда»

«Ақындыққа - жақындық». (өлең ұйқастыру)

Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту

1-топ.

Ағажан!

Сендей жан жоқ балажан!

.....

2-топ.

Біреулер бар құдайды жоқ деп соғар.

.....

3-топ.

Махаббат – дастан,

Жырлап ең бастан,

«Ә н с а л, ж а н ы м».

(Бір әнін орындау)

Ақын өлеңдеріне жазылған әндер:

1. Дариға, домбырамды берші маған.

2. Күрең күз.

3. Есіңе мені алғайсың.

4. Жас қайың.

5. Фариза қыз.

6. Сарыжайлау.

7. Отыздан асып барамын.

8. Сәби болғым келеді.

9. Бақыт деген.

10. Мен деп ойла

11. Туған жерге.

12. Арулар, асыл жандар. т.б.




« М Ұ Қ А Ғ А Л И » сөзжұмбағы.

- «М» - дегеніміз - Мұқағалидың азан шақырып қойған есімі Мұқаметқали.
- «Ұ» - дегеніміз - ұрпаққа ұлағатты ұлан – ғайыр жырларын Мұқағали атамыз зор сеніммен аманат етті.
- «Қ» - дегеніміз - Қарасаз, Мұқағалидың туған жері Қарасаз ауылы.
- «А» - дегеніміз - «Аманат», «Аққудың қанатына жазылған жыр» кітаптары.
- «Ғ» - дегеніміз - Ғасыр. Яғни, Мұқағали ғасыр ақыны. Ғасырдан ғасырға өз оқырмандарын тауып, жырларын мәңгілікке қалдырған.
- «А» - дегеніміз - Асқар Оразақын. Асқар - ақын, зерттеуші. Мұқағалидың бар шығармаларын зерттеп, 4 томдық шығармалар жинағын құрастырушы.
- «Л» - дегеніміз - Лашын. Мұқағалидың өмірлік жары. Шын аты - Ләсима Әзімжанова.
- «И» - дегеніміз - Имандылық. Адамзатқа ең бірінші имандылық керектігін Мұқағали « Дүние жүзі мұсылмандарына хат» деген өлеңінде жырлайды.

ҮЙ

ТАПСЫРМАСЫ:

1. *М. Мақатаев туралы ақын-жазушылардың жазған пікірлерін жазып келу.*
2. *«Жауһар жырдың иесі» ойтолғау жазу.*



Т а б ы с к р и т е р и й і

<i>A - Білу</i>	<i>1. Мұқағали өлеңдерінің лирикалық жанрын айыра біледі. 2. Ақынның 5 өлеңін жатқа біледі.</i>
<i>B - Түсіну</i>	<i>1. Өлеңдерінің идеялық мазмұнын түсінеді.</i>
<i>C - Қолдану</i>	<i>1. Мұқағали ақынға еліктеп өлең шығара алады. 2. Ақынның шығармаларына байланысты рөлге еніп, сахналық қойылым көрсетеді.</i>

Мен осы сабақта қандай нәтижеге қол жеткіздім ?

Бәрі керемет десем артық болар, бірақ алдыма қойған мақсат-міндеттерім орындалды, шешілді:

- Топпен жұмыс жасауда оқушылар бір-бірінің ісін қадағалауға, салыстырып отыруға, дұрыс шешім жасауға;
 - Бағалаудың не екенін, бір-бірін бағалауды, өзін бағалауды;
 - Өзінің пікірін жақтай, дәлелдей білуге;
 - Жеке, жұпта, топта бірлесіп жұмыс істей білуге;
 - Бір-біріне құрметпен қарау, яғни ынтымақтастықта болуға;
 - Өз бетімен ізденуге үйренді.
 - Тиімді таңдап алынған әдістер оқушыларды оқуға тартты;
 - Іздену жұмыстары оқушыларды шығармашылыққа жетеледі;
 - Нашар оқитын оқушыларда белсенділік байқалды;
- Ең бастысы - топтық жұмыстар арқылы*
- Оқушылардың сабаққа белсенділіктерін арттыра алдым.